

Қырғыз Республикасымен Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталықтарын құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1148 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 175.2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы»"Аухатты - Кенбулун» және»Айша бибі - Чон-Капка" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталықтарын (бұдан әрі - "Аухатты - Кенбулун" және "Айша бибі - Чон-Капка" ШЫХО) құру туралы негіздемелік келісімнің жобасы мақұлданып.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақовқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы "Аухатты - Кенбулун" және "Айша бибі - Чон-Капка" ШЫХО құру туралы негіздемелік келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.05. N 166 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, "Аухатты - Кенбулун" және "Айша бибі-Чон-Капка" ШЫХО-ның қазақстандық бөлігін салуға және игеруге қатысу үшін ықтимал инвесторларды тарту жөнінде жұмыс жүргізісін.

4. Осы қаулыны үйлестіру мен оның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы»30«қарашадағы

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының
Үкіметі арасындағы "Аухатты - Кенбулун" және "Айша бибі -
Чон-Капка" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық
орталықтарын құру туралы негіздемелік келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

Тараптар мемлекеттерінің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтей отырып;
бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал ететін кәсіпкерлік және инвестициялық
ортаны құру қажеттілігіне сенімді бола отырып;
екі жақты ынтымақтастықты жандандыру мақсатында өзара тиімділік қағидатын
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ;

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы саудасы мен шектес шекара маңы
аумақтарының экономикасын дамытуға, нарықты халықтың түрлі жіктерінің
сұранысын қанағаттандыратын тауарлармен толтыруды қамтамасыз етуге ұмтыла
о т ы р ы п ;

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Қосымшаға сәйкес Тараптар мемлекеттері мемлекеттік шекара арқылы өткізу
пункттерінің маңынан бөлген шектес аумақтарда "Аухатты - Кенбулун" және "Айша
бибі - Чон-Капка" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталықтарын (бұдан
ә р і - о р т а л ы қ т а р) құрады.

2. Орталықтардағы қызметтің кез келген түрі, олар жүзеге асырылатын
аумақтардағы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген талаптарды
сақтаған кезде жүзеге асырылады.

3. Шекара маңындағы аудандардың экономикасы мен саудасын дамытуға
жәрдемдесуге бағытталған қолайлы шаралар, адамдардың өтуі үшін қолайлы
жағдайлар жасау жөніндегі тәртіп, сондай-ақ орталықтардың қазақстандық және
қырғыз бөліктерінің алаңы, аумағының шекаралары, орналасу схемасы жекелеген
келісім жасасу жолымен Тараптар арасында келісіледі және қосымша айқындалады.

2-бап

Орталықтардың қазақстандық және қырғыз бөліктерін салуды және игеруді тиісті Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес айқындалатын мүдделі инвесторлар жүзеге асырады.

3-бап

Орталықтар аумағының шегінде Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізуді бақылауды қамтамасыз ету үшін Тараптар мемлекеттерінің шекара, кеден, көлік, санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-фитосанитарлық бақылау саласындағы мүдделі органдары мен басқа да органдар өз Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес орталықтардың өз бөліктеріндегі бақылауды жүзеге асырады, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз етеді.

4-бап

Орталықтардың аумағында үшінші елдердің ұйымдары инвестициялық және шаруашылық қызметті жүзеге асыра алады.

Орталықтардың аумағында жасалған құқық бұзушылықтар (кедендік, салықтық, ветеринариялық-фитосанитарлық, әкімшілік, санитарлық-эпидемиологиялық, көші-қондық, қылмыстық және тағы басқа) олар жасалған аумақтағы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қаралады.

Тараптар экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды, қылмыстық әрекеттер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша талқылауларды жүзеге асыру кезінде бір-біріне жәрдем көрсетеді.

5-бап

Осы Негіздемелік келісімге сәйкес Тараптар орталықтарды құру, реттеу және олардың жұмыс істеуі жөніндегі басқа да режимдерді және нақты ережелерді келіседі және оларды екі Тарап үшін қолайлы заңды нысандарда ресімдейді.

6-бап

Осы Негіздемелік келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

7-бап

Осы Негіздемелік келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

8-бап

Қажет болған жағдайда осы Негіздемелік келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Негіздемелік келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Негіздемелік келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Негіздемелік келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі өзінің осы Негіздемелік келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылатын болады.

200_ жылғы _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей . Осы Негіздемелік келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі
арасындағы "Аухатты - Кенбулун" және
"Айша бибі - Чон-Капка" шекара маңы
ынтымақтастығы халықаралық орталықтарын
құру туралы негіздемелік келісімге

қосымша

Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталықтарының орналасқан жері

1. Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Қордай ауданының "Аухатты" және Қырғыз Республикасы Шу облысы Ыссық-Ата ауданының "Кенбулун" мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің ауданында.

2. Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Жамбыл ауданының "Айша-бибі" және Қырғыз Республикасы Талас облысы Манас ауданының "Чон-Капка" мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің ауданында.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК